

8. Егоров, И. О тенденциях в кормлении мясных кур / И. Егоров, Н. Топорков// Птицеводство. 2007. №6. - С. 54-56.
9. Имангулов, Ш.А. Пробиотик БАЙМИКС ОРАЛИН® / Ш.А. Имангулов, Г.В. Игнатова, К.В. Харламов, Е.А. Непоклонов // Птицеводство. -2006.-№3.-С. 19-20.
10. Викторов, П. И. Методика опытного дела в животноводстве / П. И. Викторов. Куб. СХИ, 1983. - 94 с.
11. Андрианова, Е., Премиксы с цеолитами для бройлеров /Е. Андрианова, Е. Хребтова, Т. Ребракова, В. Фризен// Птицеводство. 2006. №8. - С. 12-13.

Ибраимов С.Н. Танатаров М.А.

**БРОЙЛЕР ТАУЫҚТАРДЫҢ РАЦИОНЫНДАҒЫ ОПТИМАЛЬДЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ  
ПРЕМИКС ҚҰРЫЛУЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ «АҚ КАЗРОС БРОЙЛЕР» ҚҰС  
ФАБРИКАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНДА**

*Аңдатпа:* мақалада премикстердің бройлер балапандарының тез өсіп-жетілуіне, тірілей салмағына, құстың өміршеңдігіне және де еттің химиялық құрамына оң ықпал етуі қарастырылады. Сонымен қатар бройлер балапандарын премикстер және нәрлі заттарға толы құрама жемдермен азықтандырудың оңтайластыру мәселесі келтірілген. Осыған орай аймақтық шартының есебімен табиғи-климаттық сипаты бойынша құнарға толы құрама жем әзірлену маңыздылығы қамтылған.

*Кілт сөздер:* құс, құс шарушылығы, балапандар, бройлер, ет, тірілей салмақ, құстың өміршеңдігі немесет тірі сақталынуы, құрама жем, дәрумендер, ферменттер, аккуыздар, ет-сүйек ұны, премикс.

Ibraimov S.N. Tanatarov M.A

**ESTABLISHING OPTIMAL LEVEL OF PREMIX DIET BROILER CHICKENS IN THE  
POULTRY JSC "KAZROS BROILER" ALMATY REGION**

*Abstract:* in the article influence premixes for development of fast growing broiler chicks, body weight, and the viability of poultry meat a positive impact on the chemical composition are considered. Also the same time, the full of composition of broiler chickens premixes and nutrition grains feeding of optimization the problem of are shown. In this regard, the regional character of the contract taking into account the climatic contained.

*Keywords:* birds, poultry farming, chicken, broiler, meat, live weight, keep, feed, vitamins, enzymes, proteins, meat - bone meal, premix.

**ӘОЖ 636.3.03.(574)**

**Искаков Қ.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ «Р-КҮРТІ» АСЫЛТҰҚЫМДЫ ШАРУАШЫЛЫҚТА  
ӨСІРІЛЕТІН БИАЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРДЫҢ ДЕНЕ БІТІМ ИНДЕКСТЕРІНІҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа**

Мақалада Алматы облысы жағдайында өсірілетін биязы жүнді қойлардың негізгі дене бітімінің өлшемдері алынып өлшенді.

*Кілт сөздер:* туған кездегі қозылар, еркек тоқтылар, ұрғашы тоқтылар, дене бітімі.

## **Кіріспе**

Республикамызда мал шаруашылығы өнімдерін молайту үшін еліміздегі асыл тұқымды мал өнімділігін жоғарлатуда асылдандыруға көп көңіл бөлінуі қажет. Асыл тұқымды мал алу үшін бұрынғы селекцияда қолданып келген зоотехникалық әдістер қазіргі уақыт талаптар қанағаттандырмайды. Сондықтан тиімді әдістер қолдану керек, әсіресе қазіргі заманғы биотехнологиялық әдістерге сүйенген абзал. Себебі, олар малдың генетикалық келешек өнімділігін жас кезінде-ақ болжауға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік кешенде 2014 жылға қарай, өнімділікті кем дегенде екі есе арттыру қажет.

Бұл күрделі міндетті аграрлық-индустриялық әртараптандыру ғана, яғни ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеуді шұғыл арттыру, жаңа технологиялар мен ауыл шаруашылығында жаңа көзқарас шеше алатын жағдайда. Әлемдік тәжірибені пайдалану, оны біздің ауыл шаруашылығымызға жедел ендіру керек.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аса маңызды мақсат. Азық-түлік тауарлары 2014 жылға қарай ішкі рыногының 80%-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс, деп ерекше атап айтылған».

Рамбулье, полипэй, суффольк, авасси және ост-фриз қошқарлардың шәуетін «Р-Күрті» шаруашылықта өсірілетін қазақтың биязы жүнді саулықтарын лапароскопиялық әдіспен ұрықтандыру арқылы алынған ұрпақтарының өнімділігі мен сапалылығын арттыру болып табылады. Қой малының әртүрлі жас кезеңдеріне қарай олардың экстерьеріне үйлесімді баға беру селекция үшін бірден-бір маңызды өлшеуіш болып табылады [1].

Малдарды асылдандыру және пайдалану мақсатында, таңдау кезінде үш негізгі талап қойылады: өнімділігі, тұқымдылығы және сырт тұлғасы. Сонымен қазіргі заманғы зоотехника, сырт тұлғаны басты жалғыз фактор ретінде санамаса да, басқа белгілермен бірге қатар қояды.

Кез-келген малдың бірқалыпты өсіп-өнуі сыртқы орта табиғи факторларының оптимальді әсерінде жүзеге асады. Ал фактор дәрежесінің ауытқуы-көтерілуі немесе төмен түсуі организмнің жойылуына әкеп соқтырады. Даму сатысындағы төмен организмдер тек қана тұрақты немесе өте аз мөлшерде өзгеріске ұшырайтын ортада тіршілік етеді. Сондықтан олардың тіршілік белсенділігі төмен болғандықтан тірі қалу мүмкіндігі де төмен.

Жоғары сатыдағы дамыған организмдер экологиялық факторлардың біршама ауытқуына төзімді келеді. Сонда да болса, әрбір жануарлардың жеке түрінің экологиялық фактордың жоғарғы және төменгі әсеріне шыдау шегі болады [2].

## **Зерттеу әдістемелері мен материалдары**

Экстерьер – малдың түр-тұлғасы, яғни дене бітімінің сыртқы көрінісі және бұл мал өсіру жағдайына бейімделгіштігінің бірден-бір негізгі көрсеткіші болып табылады.

Қойдың экстерьеріне баға беру қажетті де жауапты зоотехникалық шаралардың бірі және оны жетік меңгеру үшін маман іс жүзінде көріп, мамандығын игеру керек.

Саулықтарды күтіп-бағу жағдайы бір деңгейде болды. Қоңдылығы орта деңгейде болды.

Салыстырып отырған топтар қозыларының өсіп-дамуын анықтау үшін туылғанында, 4-4,5 және 12, 18 айлығында салмақтарын өлшеніп отырды. Сондай-ақ алынған ұрпақтың негізгі дене өлшемдері: шоқтық биіктігі, дененің қиғаш ұзындығы, кеуде енділігі, сербек аралық енділігі, кеуде орамы, жіліншік орамы өлшеніп, дене бітім индекстері (сирақтылығы, тұрқы сипаты, жұмырлығы, еңселілігі, сүйектілігі, толықтығы) есептелінді.

Қозылардың туылған кезінде, 4-4,5, 12, 18 айындағы тірі салмақтары 0,1 кг дәлдікпен өлшенді.

Будан қойлардың биологиялық ерекшеліктерінің бірі – туған кезде дене бітімінің ірі болуы.

Бұл көрсеткіш олардың тірідей салмағына байланысты. Оңтүстік-шығыс Қазақстан аймақ жағдайында будан қойының жеке дамуын зерттеу, малдың эмбриональды және постэмбриональды кезеңдегі өсу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қойдың тірідей салмағы өсу қарқынына, конституциясына және өнімділігіне байланысты [3].

Қойдың қандай да болмасын, дене бітімдік типін оның сыртқы дене тұрқын (экстерьерін) зерттегеннен кейін анықтайды.

Сондықтан да біз, будан қозыларының тірі салмағына байланысты олардың әртүрлі жас мезгілдеріндегі тұлға индекстерін есептеп шығардық (1-2 кесте).

Кесте 1. Ұрғашы тоқтылардың дене бітім индекстері, %

| Топтар | Қозылардың жасы | Индекстер    |              |            |             |              |            |
|--------|-----------------|--------------|--------------|------------|-------------|--------------|------------|
|        |                 | Сирақ-тылығы | Тұрқы-сипаты | Жұмыр-лығы | Еңселі-лігі | Сүйек-тілігі | Толық-тығы |
| I      | Туылған кезінде | 71,9         | 80,9         | 120,5      | 82,5        | 11,8         | 97,5       |
|        | 4-4,5 ай        | 59,4         | 99,7         | 103,3      | 98,02       | 11,06        | 103,04     |
|        | 12 ай           | 60,4         | 102,1        | 115,3      | 100,5       | 11,4         | 117,7      |
|        | 18 ай           | 81,6         | 101,6        | 118,4      | 119,6       | 11,9         | 118,6      |
| II     | Туылған кезінде | 69,8         | 78,5         | 118,4      | 80,6        | 11,0         | 95,4       |
|        | 4-4,5 ай        | 58,4         | 97,5         | 102,5      | 96,5        | 10,8         | 101,8      |
|        | 12 ай           | 59,7         | 100,0        | 112,3      | 99,8        | 10,7         | 115,4      |
|        | 18 ай           | 80,5         | 103,4        | 116,8      | 102,3       | 11,8         | 116,9      |
| III    | Туылған кезінде | 66,4         | 76,5         | 116,4      | 78,4        | 10,9         | 92,8       |
|        | 4-4,5 ай        | 56,7         | 95,4         | 101,3      | 94,2        | 10,5         | 100,1      |
|        | 12 ай           | 58,4         | 98,5         | 110,6      | 97,5        | 10,1         | 112,2      |
|        | 18 ай           | 79,9         | 104,7        | 112,9      | 111,5       | 11,0         | 114,5      |

Қозылардың тұрқы сипаты сәйкестік индекстері, олардың жас мезгілдеріне қарай аздап өскеннен, яғни осы «тұрқы сипаты» будан қойының тұқымдық ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Бұл көрсеткіш біздің қозыларымыздың туғаннан 18-айлықтарына дейін аздап өсіп отырған.

Тәжірибе малдарының дене бітіміне толық сипаттама беру үшін негізгі дене бітім индекстері есептелді. Дене бітім индекстерінің мал асына байланысты өзгеруінің белгілі бір заңдылықтары бар.

Мәселен, сирақтылық индексінің өзгеруі, малдың кеуде бөлігінің алдыңғы аяқтарына қарағанда өте жылдам өсуіне байланысты болады.

Мал денесінің ұзындығы бойына салыстырмалы дамуын төмендегі 1-кестеде тәжірибеге алынған әртүрлі топтардағы қозылардың жана туған кездерінде-ақ олардың тірі салмақтарына байланысты бірқатар айырмашылықтарымен ерекшеленген.

Соның ішінде, I топтағы ұрғашы қозылардың дене жұмырлығы индексі 120,5 % құрап келесі II және III топтардан басым, сол сияқты сирақтылығы 71,9 % және тұрқы сипаты 80,9 индекстері бойынша да I топ, толықтығы 97,5 % және дене еңселілігі 82,5 % бойынша I топ қозылары жоғары болып отыр.

Кесте 2. Еркек тоқтылардың дене бітім индекстері, %

| Топ тар | Қозылардың жасы | Индекстер   |              |           |            |             |           |
|---------|-----------------|-------------|--------------|-----------|------------|-------------|-----------|
|         |                 | сирақтылығы | тұрқы-сипаты | жұмырлығы | еңселілігі | сүйектілігі | толықтығы |
| I       | Туылған кезінде | 70,6        | 81,1         | 119,5     | 82,9       | 11,9        | 97,2      |
|         | 4-4,5 ай        | 60,2        | 101,8        | 99,4      | 97,5       | 11,3        | 101,3     |
|         | 12 ай           | 61,2        | 105,7        | 107,6     | 100,3      | 11,5        | 113,8     |
|         | 18 ай           | 71,9        | 106,7        | 120,5     | 102,6      | 12,0        | 130,0     |
| II      | Туылған кезінде | 69,9        | 79,2         | 117,5     | 81,7       | 11,2        | 94,2      |
|         | 4-4,5 ай        | 59,7        | 100,8        | 98,7      | 97,1       | 11,1        | 100,1     |
|         | 12 ай           | 58,9        | 101,6        | 105,4     | 99,9       | 11,0        | 111,4     |
|         | 18 ай           | 71,5        | 103,4        | 118,6     | 101,2      | 12,1        | 120,5     |
| III     | Туылған кезінде | 68,1        | 77,4         | 115,8     | 79,5       | 11,0        | 92,5      |
|         | 4-4,5 ай        | 57,6        | 98,5         | 97,6      | 95,6       | 10,9        | 99,4      |
|         | 12 ай           | 56,5        | 99,7         | 103,2     | 97,2       | 10,7        | 106,8     |
|         | 18 ай           | 72,4        | 102,5        | 116,8     | 103,4      | 11,5        | 115,4     |

Қозылардың сүт ему кезеңдерінде тұрқы-сипаты және дене жұмырлығы индекстері өссе ал, сирақтылық, тұрқы-сипаты, толықтығы және дене еңселік индекстері баяулап өскен.

Бұл көріністі, осы қой тұқымының өсіп-жетілуі барысындағы қалыпты жағдай деп түсінуге болады.

Төлдің құрсақтағы даму кезеңінде сүйек қатынасының шеткі бөлігі күшті өседі немесе қозы туғанға дейін тігінен алынатын өлшемдер тез жетіледі, ал керісінше құрсақтан кейінгі даму кезеңінде сүйек қаңқасының біліктік бөлігі жеткілікті өседі немесе көлденеңінен алынатын өлшемдер тез жетіледі, сөйтіп тірек-қимыл қабілеті, яғни тіршілікке бейімделу мүмкіндігін алады [4].

Ауыл шаруашылығы малдарының тұрқы-сипаты индексі оның еттілік қасиетін сипаттайды, бұл көрсеткіш біздің тәжірибеге алған қозыларымызда жасына қарай, соның ішінде сүт ему кезеңдерінде қатты өскен, яғни тұрқының көлденеңінен алынатын өлшемдері қарқынды жетілген.

### Қорытынды

Барлық топтағы қозылар зерттелініп отырған тұлға индекстерінің үйлесімділіктерімен ерекшелене келе, осы қой тұқымының өсіп-жетілу заңдылықтарына сай екенін айта кеткен жөн.

### Әдебиеттер

1. Любавский А.В. Гиссарские овцы.- Государственное Издательство сельскохозяйственной литературы. Москва 1949. 55-56с.
2. Ермеков М.Ә., Голоднов А.В. Қазақстанның құйрықты қойлары.-Алматы: Қайнар, 1977. 49-51б.
3. Әдекенов М., Нұрғалиев Ө. Етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығының рентабельділігі.-Алматы:Қайнар.- 1976. 77-78б.

4. Қарабаев Ж.А., Нартбаев А.Н., Спиваков В.А. Қой шаруашылығының негіздері.- Алматы: 1993. 73-75б.

Искаков К.

# ОСОБЕННОСТИ ТЕЛОСЛОЖЕНИЯ ИНДЕКСОВ ТОНКОРУННЫХ ОВЕЦ ИХ РАЗВЕДЕНИЕ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПЛЕМЕННОЕ ХОЗЯЙСТВО «Р-КУРТ»

При изучении промеров и основных индексов телосложения мясо-сальных овец, было установлено эффективность их разведение в условиях Алматинской области.

*Ключевые слова:* ярки при рождении, баранчики, ярки, индексы.

Iskakov K.

## FEATURES BUILD INDICES FINE-WOOL SHEEP BREED THEM ALMATY REGION IN THE BREEDING FARM "P-KURT"

At the comparative analysis of production is living masses, express lambs aid and subtract indexes body and research to show, what to effective on condition Almaty of region.

*Keywords:* bright at birth, rams, bright, indexes.

ӘОЖ 636.3.03.(574)

Искаков Қ., Сұлтанова А.К., Құлатаев Б.Т., Жұмағалиева Г.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы*

## ОҢТҮСТІК ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҚАЗАҚТЫҢ БИАЗЫ ЖҮНДІ САУЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӨЛДЕГІШТІГІ ЖӘНЕ ҚОЗЫЛАРДЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

### Аңдатпа

Мақалада будан қойлардың өсімталдығы мен өміршендік көрсеткіштері олардың оңтүстік – шығыс Қазақстан аймағының жағдайларына жақсы бейімделгендігі дәлелденген.

**Кілт сөздер:** биязы жүнді қой тұқымы, саулықтар, қозылар, төл алу, ұрықтандыру.

### Кіріспе

Рамбулье, полипэй, суффольк, авасси және ост-фриз қошқарлардың шәуетін «Р-Күрті» шаруашылықта өсірілетін қазақтың биязы жүнді саулықтарын лапароскопиялық әдіспен ұрықтандыру арқылы алынған ұрпақтарының өнімділігі мен сапалылығын арттыру болып табылады.

### Зерттеу әдістемелері мен материалдары

Ғылыми зерттеулер Алматы облысы Жамбыл ауданының «Р-Күрті» асыл тұқымды шаруа қожалығында жүргізілді.

Зерттеу материалдары ретінде 3,5-4,5 жастағы, «элита» класты шет елден биязы жүнді мұздатылған шәуіттерін және қазақтың биязы жүнді саулық отарлары пайдаланылды. Саулықтарды күтіп-бағу жағдайы бір деңгейде болды. Қондылығы орта деңгейде болды. Салыстырып отырған топтар қозыларының өсіп-дамуын анықтау үшін туылғанында, 4-4,5 және 12, 18 айлығында салмақтарын өлшеніп отырды. Сондай-ақ алынған ұрпақтың негізгі дене өлшемдері: шоқтық биіктігі, дененің қиғаш ұзындығы, кеуде енділігі, сербек аралық енділігі, кеуде орамы, жіліншік орамы өлшеніп, дене бітім индекстері (сирақтылығы, тұрқы